



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

5. ГАОО. Ф.172.Оп.3.Д.1406.

6. ГАОО. Ф.172.Оп.3.Д.1414.

ӘОЖ 94 (574)

**М.ТЫНЫШБАЕВТЫҢ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ТҮРКІСТАН КОМИТЕТІНІҢ
МҮШЕСІ РЕТІНДЕ ҰЛТ МҮДДЕСІ ҮШІН АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ**

Муканова Гульзифа Нагашыбаевна

ms.min.1993@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – К. Исакова

Қазақ халқының біртуар тұлғасы, тарих, мәдениет, шежіренің білгірі, саяси және қоғам қайраткері Мұхамеджан Тынышбаевтың 1917 жылдың сәуір-қараша айларындағы орыс халқы мен қазақтар арасындағы ұлтаралық тартыстардың алдын алу, Қытайдан келген қазақтарды қорғау жолында атқарған қызметі құнды екені сөзсіз.

1917 жылдың сәуір айының басында Уақытша Үкімет Түркістан Өлкесін басқаруды 9 адамнан тұрған Түркістан комитетіне тапсырады. Оның алғашқы құрамы мынадай кісілерден тұрған еді: Н.Н. Щепкин, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Садири Мақсұдов, В.С. Ельпатьяевский, А.А. Липовский, П.Б. Преображенский, О.А. Шкапский және Ғабдолғазиз Дәулетшин.

Комитет Түркістан өлкесінде «бостандық, құрдастық, туыскандық шырағында» қандай өзгерістер жасаймын десе де ерікті болды. Ал бұл комитеттің таяу арадағы ең негізгі міндеттерінің бірі: қытай ауған қырғыздарды қайтарып, бұрынғы өз ата қонысына орналастыру еді [1].

Ескі территориялық-әкімшілік жүйесіндегідей, Уақытша Үкімет тұсында да Сырдария және Жетісу облыстары Түркістан губерниясы құрамында қала берді. Бұл кезде Жетісу облысы құрамына Лепсі, Қапал, Жаркент және Верный уездерімен қатар Пішпек және Пржевальск уездері, яғни солтүстік және солтүстік-шығыс қырғыз жерлері де енген еді.

Жетісу облысының орталығы Верный қаласында Уақытша Үкімет билігі 13 наурыз күні орнайды. Бірақ билік ауысқандай болғанымен 16 жылғы көтерілістен соң облыста қалыптасқан ауыр жағдай сол өзгеріссіз күйінде қала берген. Әсіресе, әскери билік пен қарулы переселендердің алдында панасыз қалған жергілікті қазақ және қырғыз бұқараларының жағдайы өте ауыр еді. Оны шамамен сәуір айының соңында Мемлекеттік дума атына түскен мұндай мазмұндағы жеделхаттан айқын аңғаруға болады:

«Мы уполномоченные албановских, сувановских киргиз Джаркентского уезда искренно поздравляем всех граждан свободой, равенством и братством!

Умоляем помочь нам принять меры к прекращению убийств, грабежей среди киргиз в уезде, совершаемые переселенцами. Киргизы умирают с голода, едят падаль, продовольственный комитет запрещает продавать хлеб. Не принимаются меры нашим требованиям отобрать оружия от русского населения. Широкая, большая земля нам тесно.

Просим благоволить ответом. Татарско-киргизский комитет» [2].

Бұл тек Жаркент уезіне ғана емес, жалпы облысқа тән жағдай болатын. Өлкелік «Наша Газета» осы кезге тән мынадай фактілерді келтіреді: «Бір орыс шаруасы қырғыздарды өзіне жұмыс істетуге алса, ал екіншісі өлтіреді. Орыс шаруалары тоб-тобымен қырғыздарды тонауға шығады, қажет болса өлтіріп кете беруден тайынбайды. Бұрын Сазоновка тұрғыны, енді әскерден қашып келіп Кольцовкада тұрып жатқан біреу өздерінің мақсаты қырғыздардың арасында көтеріліс туғызып соның сылтауымен оларды біржола қырып тастау

екендігін мәлімдеген. Григорьевка селосында 5 қырғызды киізге орап, өртеп жіберген. 18 сәуірде Кольцовкада тура осындай жолмен 9 қырғызды өлтірген...».

Біріншіден, қазақ пен қырғыздарды толық аштық қамтыған, ішерге тамағы жоқ, ал орыс шаруалары астығымен бөлісетін емес. Екіншіден, орыс шаруалары мен демалысқа үйлеріне келген солдаттар қазақ пен қырғыздарды аяусыз тонап, қыруда. Егер осында қарауылда тұрған ресейлік әскер болмаса, қазақ пен қырғыздардан «болып еді!» деген естелік қана қалатын еді. Үшіншіден, қазақ пен қырғыздарды переселендер зорлықпен алып кетіп, тегін жұмыс істеуде.

Г.Сафаров тарихи фактілерге сүйене отырып, «революцияның бірінші күнінен бастап-ақ Жетісу кулагы патшалық мемлекеттің ыдырауын өзінің бойында патша үкіметі жылдар бойы қалыптастырып, тәрбиелеген айуандық, құлиеленушілік және қарақшылық «қасиеттерін» ашатын сәт келді деп түсініп, 1916 жылды қайталауға тырысты. Революция жеңген күннен бастап ол қазақ пен қырғыздардың жерін, үй-мүлкін, тіптен әйелі мен балаларын да тартып ала бастады» деп жазды [3].

Міне, осы сияқты ақпарларды ала отырып, Уақытша Үкімет жаңа құрылған Түркістан комитетіне ең негізгі міндеттерінің бірі есебінде Жетісуда қалыптасқан ауыр жағдайда тез арада жойып, облыс өмірін бір қалыпқа түсіруді жүктейді. 1917 жылғы 12-23 сәуірде Верный қаласында өткен 1-ші Жетісу облыстық қазақ съезінде де аталмыш мәселелер (орыстар мен қырғыздардың арақатынасын реттеу, босқындарды Қытайдан қайтару тәсілдері) қаралып, төмендегідей қарарлар қабылданған болатын: 1 – 1916 жылы тәртіпсіздіктер өшпенділік сипат алған Пішпек пен Пржевальск аудандарында жергілікті атқару, мұсылман комитеттеріне 14 наурызда 10 000 сом қаржы бөлінді; орыс тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру және татулықты қалпына келтіру үшін жергілікті қырғыз комитеттері арқылы алқаптардағы егінді жинау, шөп шабу жұмыстарына, әскерге, отбасыларына, сол сияқты жұмысшы артельдеріне шақырылмаған кедейлерді топтастыру. Осы мақсатта шаруа депутаттарымен келісе отырып, еңбекшілер үшін алқап жұмыстарының келісілген ақысын тағайындау; тәртіпсіздік орнаған аудандарда орыс шаруаларына қолданған қарулардың қолданылғанын ескеріп, билік орындары тарапынан шаруаларды қоныстандыру. Құлжа ауданынан қайта оралғандарды уақытша Верный уезінің Шығыс бөлігіне Қарқара, Шұладыр, Белқара және Пржевальск бөлігіне де орналастыру. Әрі шаруаларды мүмкіндігінше қауіпсіз жерлерге орналастыру; 2 – аталған алқаптардың көпшілігінің қазыналық жер болып табылатындығын ескеріп, барлық алым төленетін жерлерді және аталған аудандардағы косалқы жерлерді қайтып оралған қырғыздардың пайдалануына беру; қайтып оралушылар мен жергілікті халық арасында қақтығыстардың алдын алу үшін Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінен аталған аудандарға адамдар жіберу [1, 1].

1917 жылғы 21 сәуірде Қытайдан келетін қазақтарды орналастыру жоспарларымен бөлісіп, ұсыныстарына келісім берген жағдайда, тез арада іске асыратыны жайлы Түркістан Комитетінің мүшелері Н.Н.Щепкин мен М.Т.Тынышбаев Уақытша үкіметке, жер шаруашылығы мен шетелдік істер министрлеріне жеделхат жібереді: «Жетісудағы орыстар мен қырғыздар арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту үшін және Құлжа мен Қашғардағы кедейленген қырғыздарды Ресейден шығару мәселесімен, Верный қаласындағы қырғыз облыстық съезд төрағасына келесідей жеделхатта комитет мүшесі Тынышбаев Түркістан комитетіне ұсыныс енгізеді: Қашғар консулдық округі, Ақсу ауданының қырғыздарын Түркістан Комитеті комиссарларының жергілікті қырғыз халқы өкілдерінің өзара келісімімен айқындалған жерлерде, Нарын жерінің шегінде орналастыру және Құлжа ауданының қырғыздарын Жаркент пен Верный уездерінің шығыс бөлігінде орналастыру. Егер де съезд қырғыз халқы атынан осы жоспарды жүзеге асыруға келісім берсе, Түркістан комитеті тез арада оның шешілуіне және Қытайдан қырғыздарды шығаруына орай шара қолданады, жаңа жерлерге келу жолында қорғауға алады. Жылдам бұл мәселені шешіп, жеделхат жіберіңіздер. Қайтып келе жатқан қырғыздар кедейленген және көмекке зәру.

Нарын ауданында қоныстанған қырғыздарға Пішпек пен Нарын қалаларының халқы көмектеседі, ал Верный мен Жаркент уезінде басқа уездердің халқы көмектеседі...» және де осы жеделхатта, Туркомитетке облыстық қырғыз съезі жауап алып, 7 пункттен тұратын шешім қабылдайды. Түркістан комитеті 25 сәуірдегі отырысында Тынышбаев пен Шкапскийдің Жетісу өлкесінде болған көтеріліс салдарын жою туралы баяндамасын тыңдап, «майдандағы жұмысқа бұратаналарды алу ісіне байланысты жайларды жою үшін Жетісу облысына Комитет мүшелері Тынышбаевты, Шкапскийды және драгоман Стефановичті іссапарға жіберу» туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ бұл қаулыда олардың құқы жөнінде «комитет мүшелері Тынышбаев пен Шкапскийге Жетісу өлкесінде болған кезінде осы өлке бойынша Түркістан комитетінің құқығы мен міндеттерін өз мойындарына алу жүктелсін», - деп көрсетіледі. Комитет осы отырысында көтеріліс нәтижесінде тұрмысы мен шаруашылықтарына үлкен нұқсан келген Пржевальск уезінің орыс жұртына көмекке 10 миллион және Қытайдан өз жұртына қайта оралып жатқан қырғыздарға 5 миллион сом қаржы сұрау туралы шешім қабылдайды.

1917 жылдың 4-6 мамыр аралығында Пішпек қаласында Жетісудағы ұлтаралық жанжалды реттеу бойынша шара қолдану үшін Уақытша үкіметтің өкілдері, атап айтсақ, Түркістан комитеті Уақытша үкіметінің мүшелері – комиссарлар Шкапский, Тынышбаев, Жетісу облысының қоныс аудару ісінің меңгеруші мен мемлекеттік мүліктің басқарушысы Гончаровский, Пржевальск уездік комиссары Шебалин, облыстық қазақ комитетінің төрағасы Жайнақов, Уақытша үкіметі Түрккомитетіне уақытша тағайындалған Шендриков, Кашғар консулдығының драгомены Стефанович, Пржевальск уезі қырғыздарының төрағасы Тельтаев қатысқан отырыста мынадай бірқатар шешімдер қабылдады, оның ішінде: Қытайдан қайтып келген және келуге ниет білдірген қырғыздарды орналастыру ісін – Жаркент, Нарын-Пржевальск уездерінде жергілікті шаруа, казактар, тараншылардан (бұлар тек оларға байланысты мәселелер талқыланғанда қатысады) қырғыздар мен жер шаруашылығы Министрлігінің өкілдерінен құралған ерекше комиссиялар анықтады. Шаруалардың қырғыздармен үш жерде – Санташ, Рыбачье және Кольцовскіде тартыстардың алдын алу мақсатымен сенімді әскери кедергілер орналастыру. Отырыс мүшелері босқын қырғыздарға азық-түлік көмегін көрсетуді Облыстық қырғыз комитетіне беру, осыған байланысты комитетке қарасты Жайнақов төрағалығымен арнайы комиссия құру, Түркістан комитетінің Жетісу губернаторына жіберген 100 000 рубльді және бұдан кейінгі қаражатты осы комиссияға тапсыру, бүліктерден келген шығындарды жою бойынша облыстық, уездік, учаскелік комитеттерді ерекше азық-түлік комитеттеріне жекелеген бөлімдер ретінде қосу. [1, 2]. Бұл мезгілде Қытай асқан босқын қазақ пен қырғыздардың да, сондай-ақ облыстағы халықтың да жағдайы шиеленісе түскен болатын. Әсіресе, босқындардың жағдайы аса қайғылы күйде еді. Сәуір айынан бастап «Қазақ» газетіне олардың жағдайынан хабар түсе бастайды. Сондай алғашқы хабарлардың бірінде Құлжадағы Уақытша комитеттің төрағасы Сыдық Ювашев: «Құлжа – 28VI. Құлжа жаққа үркіп келген қазақтардың жай-күйі тіпті жаман: аштықтан қырылып жатыр, қатын-балаларын сатып жатыр, күн көргені жемтік. Азық беріп жәрдем жию тығыз керек. Мұсылмандар арасынан жәрдем жиып, болыса көріңіздер», - деп дабыл қаққан еді. Міне, осы кезден бастап Құлжа қаласы мен «Қазақ» газеті 1916 жылғы көтеріліс құрбандарына көмек ұйымдастыруды қоғамдық орталықтарға айнала бастайды.

Түркістан комитетінің мүшелері Тынышбаев пен Шкапский Жетісуға келген бетте ең алдымен анықтағаны, әрине, облыстың шаруашылық жағдайы болатын. Ал шаруашылық болса терең дағдарысты бастан кешіруде еді. Облыстық статистика бөлімінің жинаған ақпаратында облыс бойынша егіс көлемі 1916 жылдың көктемімен салыстырғанда 24 процентке, ал Жаркент уезінде 55, Пішпек уезінде 34 және Пржевальск уезінде 84 процентке қысқарып кеткен еді. Жаркент уездік қазақ комитетінің төрағасы Жайнаковқа осы жылғы 14 шілде жолдаған № 826 жеделхатында « Өткен жылы олар жыртқан жердің үлкен бөлігі Войшвилонның нұсқауы бойынша, орыс шаруаларына берілді. Төрт болыс ел мүлде дәнсіз

қалды. Шабындықтар мен қыстаулар да кетті. Егер ертерек әрекет жасалынбаса қыста аштық пен жұт болатыны сөзсіз» деп көрсетеді [4].

Облыста 1916 жылғы көтеріліс нәтижесінде күйзеліске ұшыраған шаруашылық қана емес, сонымен бірге жергілікті халықтар мен переселендердің өзара сенімі, қатынасы да терең дағдарыс жағдайында еді.

Осындай ауыр жағдайды жан-жақты талдап, қорыта келіп Тынышбаев пен Шкапский Петроградтағы үкімет орындарына, Ташкенттегі Түркістан комитетіне дағдарыстан шығудың жолдары туралы ұсыныстар жасалған еді: 1. Ең алдымен Қытайдан оралып жатқан босқындарды жерге орналастырып, оларға үй-жай, азық-түлік және ақшалай қаржы түрінде көмек көрсету. Әрбір отбасына аз дегенде 100 сомнан көмек белгілеп, мұндай көмекке мұқтаж отбасының есебін 50 000 деп алғанда, Үкімет бұл мақсатқа 5 млн.сом қаржы бөлуі керек. 2. Құрылыс материалдары мен ақшалай көмек көтеріліс нәтижесінде күйзеліске ұшыраған 9989 переселен қожалықтарына да берілмейінше облыста ұлтаралық жарасымдылық орнамайды. Ал переселен селоларының шеккен зардабы 31 млн. сом шамасында [4, 2].

Облыстағы ашаршылық пен тиімді күрес жүргізу үшін астық монополиясын енгізу. Ол басы артық астық жиып алып, мұқтаж болып отырғандарға тең бөліп беру мүмкіншілігін туғызады. 4. Күн өткен сайын панасыз қырғыз және қазақ ауылдарын тонаушылықтың, оларға қарсы жасаған түрлі зорлық-зомбылықтың кең қанат жаюына байланысты мемлекеттік билік жүйесін Петроградтан, Ташкенттен интелегент-кадрлар жіберу арқылы күшейте түсу, әсіресе сот ісіне жүргізе алатын мамандар жіберу. 5. Қазақ пен қырғыз елдерін осындай ауыртпалыққа алып келген 16 жылғы көтерілістің негізгі себебі – әділетсіз қоныс аудару саясаты. Сондықтан да Үкімет осы жағдайды ескере отырып, бір жағынан ішкі Ресейге қайтадан қоныс аударуды қалайтын отбасыларына қаржылай көмек көрсетіп, екінші жағынан, керісінше ішкі Ресейден қазақ және қырғыз жерлеріне шұбырған қоныс аударушылар легін тоқтатуды көздейтін шаралар белгілеуі керек. Шкапский мен Тынышбаев бұл мәселелерді орталық билік алдына қоя отырып, оларды шешуге Уақытша үкіметтің орыс демократиялық интеллигенциясының көмектескендігіне шын көңілден сенді. Мәселен, Шкапский мамыр айы бойы барлық уездер мен болыстарды, Қытайға қарасты Шығыс Түркістаннан қайта оралған босқындар арасында болып Верныйға келген бетте Петроградқа 11 адреске, атап айтқанда, Министрлер кабинетінің төрағасына азық-түлік, егіншілік, юстиция, оқу-ағарту министрліктеріне, Түркістан комитетінің төрағасы Щепкинге, Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясына, «Дело народа», «Единство», «Речь» және «День» газеттерінің редакцияларына жеделхат жолдап, онда ел ішіндегі жағдайдың қайғылы сипатынан хабар береді. Шілде айына қарай облыстағы жағдай ең алдымен переселендердің қайтадан оралған босқындарға жасаған зорлығының өрши түсуінен және орыс селоларының аш қазақ және қырғыз ауылдарына, босқындарға астық сатудан үзілді-кесілді бас тартуынан анық байқалды. Осыған байланысты Уақытша Үкімет комиссарлары Тынышбаев пен Шкапский мынадай шараларға көшкен еді. 1 – Ресей Сыртқы істер министрілігі арқылы Қытай аумағындағы босқындарды кейін қайтаруды кідірте тұруды және Құлжадағы қытайлық билік орындарынан босқындарды тонауды талап етуді сұрайды; 2 – Қытай жерінен оралған босқын қырғыздарды біржола қырып алудан сақтау үшін, оларды қабылдауға тілек білдірген қазақ жеріне уақытша орналастыруға көшеді; үшіншіден, тез арада астық монополиясын енгізе отырып, босқындар көбірек шоғырланған жерлерден аштарды тамақтандыратын асханалар ұйымдастыруға уезд басшыларына нұсқау береді.

Міне, осы тұста М.Тынышбаевтың жергілікті жағдаймен жете таныс саяси қайраткер екендігі айқын байқалады. Оның дағдарысқа қарсы күресі мынадай екі бағытта жүреді. Біріншіден, ол Жетісудағы жағдайға қазақ қоғамының жалпы ресейлік мұсылман қауымының назарын аударуға тырысады және, екіншіден, жағдайды шұғыл өзгерту үшін Түркістан комитеті тарапынан қажет қолдау таба алмаған соң, орталық билікпен келіссөздер

жүргізу үшін Петроградқа аттанды. М. Тынышбаев Уақытша үкіметтің комиссары қызметіне жүріп Жетісу трагедиясының ауқымын, оның бүкілхалықтық мәнін көрсететін мақалалар мен түрлі хабарларды «Қазақ» газетінде үзбей жариялап тұрады. Бұл материалдардың кезінде қырғыз және қазақ босқындары мәселелеріне барлық қазақ қоғамының, әсіресе ұлттық интеллигенцияның назарын аударуда атқарған рөлі аса үлкен еді. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 24 маусымдағы санында «Мұхамеджан Тынышбаевтың жинаған мағлұматынша, Қытай жеріне босқын қырғыз-қазақтың саны 164 мың адам екен. Сонан үстіміздегі шілденің біріне шейін қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың.

Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деп жүруші едік, Мұхамеджанның айтуынша, Жаркент уезіндегі албандардың босқыны, қырғыны қырғыздардан кем емес екен.

Алаштың азаматы! Тағы да құлақтарыңа саламыз; қырғыз-қазақ бауырларыңды ұмытпа!» деп жазған болатын.

М.Тынышбаевтың бұл жолғы босқындар жөніндегі себебі толық емес-тін. «Қазақтың» кейінгі сандарында ол Жетісудағы ағайынды қырғыз бен қазақ елдерінің басына түскен босқыншылықтың шын ауқымын көрсететін деректік материалдар жариялайды. Мәселен, ол «Қазақтың» осы жылғы 254-санында Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз уездеріндегі болыстардан Қытай асқан отбасы және адамдардың санын кесте түрде беріп, «жоғарғы 44 болыс елде барлығы 47 мың 759 түгін бар, сонан қашқаны 40 мың 250 түгін, қырылғаны 95 мың 200 жан болады. Бұл есепке қарағанда, бұл елдердің босқындарынан жартыға таяу адамы қырылған» [5].

1917 жылы, сонымен қатар, шілденің 4 күні «Қазақ» газетінің №235 санында босқын қырғыздарға ақшалай жәрдем берген қазақтардың тізімі жарияланады. 1917 жылы 21-26 шілде күндері Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезінде Жетісу облысындағы жағдай дербес мәселе ретінде қаралуына белгілі дәрежеде, М. Тынышбаевтың съезд ашылар қарсаңында Орынборда болуы ықпалын тигізгендігі даусыз. Жетісудағы қырғынды тоқтатуды талап еткен демонстрациялар болып, жағдайдың бет алысына қаймыққан Түрккомитет біріншіден, Петроградқа жеделхат жолдап, орталық биліктен Жетісуға көмекке бөлінетін қаржыны тезірек жіберуді сұраса, екінші жағынан, Жетісуға комитет мүшесі Шендриков бастаған комиссия және әскери бөлім жіберу туралы шешім қабылдайды. Түрккомитеттің белгілеген бұл екінші шарасы Шкапский мен Тынышбаевқа Уақытша Үкімет әкімшілігінің, әсіресе Ташкенттегі биліктің Жетісудағы қайғылы оқиғаларға немқұрайды қарауына байланысты өз наразылықтарын ашық білдіруге түрткі болған еді. Олар түрккомитеттің Жетісуға комиссия және әскер бөлімін шығару туралы шешімін теріс тауып, оны қайта қарап, өзгертпеген күнде өздерінің отставкаға кететіндігін мәлімдеп мұндай мазмұнда жеделхат жолданды. Ташкент, әрине, Тынышбаев пен Шкапскийдің өтініштерін қабылдамай тастайды. Бірақ Түрккомитет түрлі күштердің талап етуі нәтижесінде тамыз, қыркүйек айларында бірнеше шараны іске асырады. Олардың арқасында Жетісу облысында әскери жағдай жарияланып, астық монополиясының енгізілуі, Пржевальск уезіне қарақшылық істерді тексеру үшін тергеу бригадасының жіберілуі бар еді, 7 қазанда көп күттірген 11 млн 150 000 сом қаржының Алматыға жіберілгендігі туралы хабар да жетеді [6]. Күзге қарай М.Тынышбаевтың аштыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарған тегін тамақтандыратын асхана пунктерді ұйымдастыруды, жалпы осы мазмұндағы шараларды іске асыруды М.Тынышбаевтың еңбегі зор болатын. 1917 жылғы 1 қарашада Ташкенттегі саяси билік кеңестердің қолына өтеді. 6 қараша күні Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі О.А. Шкапский мен Түркістан әскери округінің әскери комиссары В.Г. Ивановтың қолы қойылған №57 қаулы бойынша Жетісу облысында әскери жағдай жарияланып, Түрккомитеттің жойылуына байланысты облыстағы билік толығымен осы екеуінің қолына өтеді. Міне, осы 6 қарашадан кейінгі уақытта Алматыдағы басшылықтың атынан шыққан құжаттардан тек О. Шкапскийдің ғана қолын көреміз. Соған байланысты, шамамен осы кезден бастап М. Тынышбаевтың да Түрккомитет мүшесі

міндетін атқаруды тоқтатқандығы туралы айтуға негіз бар сияқты. Міне, М.Тынышбаевтың сәуір айынан қараша айына дейін Уақытша үкіметі Түркістан комитетінің мүшесі ретінде ұлт мүддесі үшін атқарған қызметі осындай еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901- желтоқсан 1917. – Алматы: «Алаш», 2004. Т.1. 552 б.
2. Тынышпаев М. История казахского народа. А. 2001. Б.30
3. Сафаров Г.И. Колониальная революция.. Опыт Туркестана . -Алматы: Жалын, 1996. - 200 б. Б. 87-166.
4. Жүгенбаева Г. Империяға қарсы шыққан қазақ // Қазақстан тарихы. – 1997. - №1. Б. 49-53
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917- мамыр 1920 ж. – Алматы: «Алаш», 2005. – Т.2. – 496 б.
6. Жүгенбаева Г.С., Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938). – А., 2000, 228 б.

ӘОЖ 94(574)

МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ ЖӘНЕ ТҮРКСІБ ҚҰРЫЛЫСЫ

Муканова Гульзифа Нагашыбаевна

ms.min.1993@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – К. Искакова

XX ғасыр қазақ халқының тарихында терең із қалдырған оқиғаларға толы. Олардың ішінде 1905-1907 жылдардағы орыс революциясының, 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциясының ерекше орны бар. Қазан революциясы нәтижесінде орнаған Кеңес өкіметінің саяси, әлеуметтік – экономикалық қайта құрулары ат төбеліндей ұлт зиялылары мен ауқатты шаруалар тобын қуғын-сүргінге душар етті, дәстүрлі шаруашылықты қиратып, аштық апатын туғызды және халықтың біраз бөлігін атамекенінен ажыратып, Қытайға, Монғолияға, Иранға, Ауғанстанға, Түркияға, т.б. елдерге кетірді. Осы қырғынның нәтижесінде және Кеңес одағының басқа аймақтарына көшіп-қону толқындарының өте күшті болуы салдарынан қазақ халқы өз атамекенінде аз ұлтқа айналды. Дегенмен, бұл кезеңде қазақ халқы өз жерін тұтастандырып, ұлттық автономияға қол жеткізеді. Сауатсыздық жойылып, бастапқыда тегін бастауыш, кейіннен орта білім алуға жол ашылды. Арнаулы орта және жоғары оқу орындары, сондай-ақ ғылыми, денсаулық сақтау және мәдени-ағарту мекемелері жүйесі ұйымдастырылды. Ұлттық жұмысшы кадрлар мен инженер-техник интеллигенция өкілдерінің едәуір бөлігі қалыптасты. Шикізат шығаруға бағытталғандығына қарамастан қазіргі заманғы өнеркәсіптің негізі қаланды. Түсті металлургия, көмір, мұнай өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өндірісі салалары, темір жолдары басым түсетін қатынас жүйесі бұрынғы Ресей империясының отар аймағының қазіргі қазақ республикасының әлпетін айшықтай түсті. Елде мал шаруашылығымен, егіншілікпен, техникалық дақылдар өсіруімен айналысатын ірі ауыл шаруашылығы өндірістері іске қосылды. Қазақстан осылай Кеңес одағының шығыстағы мал өнімдері мен астық әзірлейтін ірі базасына айнала бастады.

Міне, осындай әлеуметтік-экономикалық күрт өзгерістер мен саяси сілкіністер кезінде тарихи сахнаға қазақ арасынан көптеген қайраткерлер мен жаңа құрылыстың жетекшілері шықты. Солардың арасында Тұрар Рысқұловтың, М. Тынышбаевтың орны ерекше.